

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аясындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтарының нысандарын және тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 222 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2012 жылғы 31 шілдедегі № 230 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 тамызда № 7882 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 731 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 544 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.06.2015 № 731 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.07.2015 № 544 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!

Осы Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4-тармағына, 15-бабының 1-тармағына және «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18-тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1–қосымшаға сәйкес, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерін тексеру бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аясындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағының нысаны;

2) осы бұйрыққа 2–қосымшаға сәйкес, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің электр желілерінде қуаттылық коэффициентінің нормативтік мәнін және энергия тұтыну нормативтерін сақтау бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аясындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағының нысаны;

3) осы бұйрыққа 3–қосымшаға сәйкес, энергетикалық аудит пен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың сараптамасын жүргізу бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аясындағы жеке кәсіпкерлік

саласындағы тексеру парағының нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аясындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Жаңа технологиялар және энергия үнемдеу департаменті (Т.А. Мұқанов) заңда белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми түрде жариялауға бұқаралық ақпарат құралдарына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Қ.А. Тулеушинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

Индустрия және жаңа

Экономикалық даму және және

технологиялар министрі

сауда министрінің

Ә. Исекешев

міндетін атқарушы

М. Құсайынов

Қазақстан Республикасы

Индустрия және жаңа технологиялар министрі

2012 жылғы 29 маусымдағы

№ 2 2 2

Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және сауда министрінің

міндетін атқарушы

2012 жылғы 31 шілдедегі

№ 2 3 0

бірлескен бұйрығына 1-қосымша

Нысан

Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерін тексеру бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аясындағы жеке

**кәсіпкерлік саласындағы
ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№ , күні)

Кәсіпкерлік субъектісінің атауы _____

СТН (ЖСН, БСН)

Орналасқан мекенжайы _____

№ р/с	Талаптар тізбесі	Иә	Жоқ
1	2	3	4
1	Энергетикалық аудит қорытындысының болуы		
2	Энергетикалық аудит өткеннен кейін бес жыл ішінде энергетикалық аудиттың қорытындысы бойынша анықталған ғимараттың, құрылымның, құрылыстың, бірлікке судың ауданының ауқымына дейін және энергетикалық қорларды тұтынудың жылдық көлемін азайтуын қамтамасыз етуі (Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері үшін, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда)		

Тексеруді жүргізген _____

(лауазымы) (Т.А.Ә.) (қолы) М.О.

Талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда акт құрылған күні мен нөмірі көрсетіледі (20__ жылғы «__» _____ № _____)

Тексеру нәтижесімен таныстым (келіскен/келіспеген) _____

(Т.А.Ә.) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Тексеру қорытындысы бойынша тексерілетін субъект _____

(субъектінің атауы)

топқа ауыстырылады («+» белгісімен белгілеу):

тәуекелдің жоғары дәрежесі	тәуекелдің орташа дәрежесі	тәуекелдің маңызды емес дәрежесі

О р г а н н ы ң _____ б а с ш ы с ы :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

И н д у с т р и я ж ә н е ж а ң а т е х н о л о г и я л а р м и н и с т р і

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 9 м а у с ы м д а ғ ы

№ 2 2 2

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Э к о н о м и к а л ы қ д а м у ж ә н е с а у д а м и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы
2012 жылғы 31 шілдедегі
№ 230
бірлескен бұйрығына 2–қосымша
Нысан

**Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің электр желілерінде
қуаттылық коэффициентінің нормативтік мәнін және энергия тұтыну
нормативтерін сақтау бойынша энергия үнемдеу және энергия
тиімділігін арттыру аясындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы
ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№ , күні)

Кәсіпкерлік субъектісінің атауы _____

СТН (ЖСН, БСН)

Орналасқан мекенжайы _____

№ р/с	Талаптар тізбесі	Иә	Жоқ
1	2	3	4
1	Электр желілерінде қуаттылық коэффициентінің нормативтік мәнінің сақталуы		
2	Энергия тұтыну нормативтерінің сақталуы		
3	Энергия тұтынатын жабдықтардың режимге сәйкес еместігінен, құбырлардың жылу оқшаулау сақтамай пайдалануынан, арматуралардың, жабдықтардың жарамсыздығынан туындаған энергетикалық қорларды, суды өндіргенде жүзеге асатын тікелей шығындардың жіберілмеуі		

Тексеруді жүргізген _____

(лауазымы) (Т.А.Ә.) (қолы) М.О.

Талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда акт құрылған күні мен нөмірі көрсетіледі (20__ жылғы «__» _____ № _____)

Тексеру нәтижесімен таныстым (келіскен/келіспеген) _____

(Т.А.Ә.) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Тексеру қорытындысы бойынша тексерілетін субъект _____

(субъектінің атауы)

топқа ауыстырылады («+» белгісімен белгілеу):

тәуекелдің жоғары дәрежесі	тәуекелдің орташа дәрежесі	тәуекелдің маңызды емес дәрежесі
----------------------------	----------------------------	----------------------------------

О р г а н н ы ң

б а с ш ы с ы :

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар министрі

2012 жылғы 29 маусымдағы

№ 2 2 2

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда министрінің

міндетін атқарушы

2012 жылғы 31 шілдедегі

№ 2 3 0

бірлескен бұйрығына 3-қосымша

Нысан

**Энергетикалық аудит пен энергия үнемдеу және энергия
тиімділігін арттырудың сараптамасын жүргізу бойынша энергия
үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аясындағы жеке**

кәсіпкерлік саласындағы

ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№ , күні)

Кәсіпкерлік субъектісінің атауы _____

СТН (ЖСН, БСН)

Орналасқан мекенжайы _____

№ р/с	Талаптар тізбесі	Иә	Жоқ
1	2	3	4
1	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында аккредиттеу туралы куәліктің болуы		
2	Энергетикалық аудиттің өткізілу тәртібінің сақталуы		
3	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру сараптамасын өткізу тәртібін сақтау		
4	Энергия аудитін және (немесе) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру сараптамасын жүзеге асыру кезінде жол берілген бұзушылықтарды жою бойынша уәкілетті органның нұсқамаларын уактылы орындалуы		

Тексеруді жүргізген _____
(лауазымы) (Т.А.Ә.) (қолы) М.О.

Талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда акт құрылған күні мен нөмірі көрсетіледі (20__ жылғы «__» _____ № _____)

Тексеру нәтижесімен таныстым (келіскен/келіспеген) _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

20__ жылғы «__» _____

Тексеру қорытындысы бойынша тексерілетін субъект _____
(субъектінің атауы)

топқа ауыстырылады («+» белгісімен белгілеу):

тәуекелдің жоғары дәрежесі	тәуекелдің орташа дәрежесі	тәуекелдің маңызды емес дәрежесі

О р г а н н ы ң _____ б а с ш ы с ы :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж ә н е ж а ң а т е х н о л о г и я л а р м и н и с т р і
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 9 м а у с ы м д а ғ ы
№ 2 2 2

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а л ы қ д а м у ж ә н е с а у д а м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 3 1 ш і л д е д е г і
№ 2 3 0

бірлескен бұйрығына 4–қосымша

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аясындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері

1. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру аясындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі – өлшемдер) «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және тексерілетін субъектінің тікелей қызметімен, салалық дамудың ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, тексерілетін субъектілерді әртүрлі тәуекел дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығын айқындайды.

2. Осы Өлшемдерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – тексерілетін субъекті қызметінің салдарынан адамның өміріне

немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне нұқсан келтіру зардаптарының ауырлығы дәрежесін ескере отырып, оны келтірудің ықтималдылығы;

2) тексеру субъектісі - энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында қызмет атқаратын субъект.

3. Өлшемдер тексеру субъектілерінің маңыздылығы бойынша – объективті және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылықтарына жүргізілген тексерулер нәтижесі бойынша – субъективті өлшемдер болып бөлінеді.

4. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру субъектілерін бастапқы жатқызу объективті өлшемдерді ескере отырып жүзеге асырылады.

5. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тексеру субъектілерін әртүрлі тәуекел деңгейлеріне содан кейінгі жатқызу субъективті өлшемдерді ескере отырып жүзеге асырылады.

6. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тәуекел деңгейін бағалаудың объективті критерийлері ескеріле отырып, мынадай тәуекел топтарына жатады:

1) жоғары дәрежедегі тәуекел тобы:

30 мың және одан жоғары көлемде шартты отын тұтынатын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері;

30 мың және одан жоғары көлемде шартты отын тұтынатын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;

Өнеркәсіп кәсіпорындарына, сондай-ақ ғимараттарға, құрылымдарға, құрылыстарға энергетикалық аудит және ғимараттардың, құрылымдардың, құрылыстардың жоба алдындағы және (немесе) жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаларын энергия үнемдеу және энергия тиімділігіне сараптама жүргізетін уәкілетті органмен аккредиттелген заңды тұлғалар.

2) орташа дәрежедегі тәуекел тобы:

10 мыңнан 30 мыңға дейінгі көлемде шартты отын тұтынатын мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері;

10 мыңнан 30 мыңға дейінгі көлемде шартты отын тұтынатын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар; ғимараттарға, құрылымдарға, құрылыстарға энергетикалық аудитті жүзеге асыратын уәкілетті органмен аккредиттелген заңды тұлғалар.

3) болымсыз дәрежедегі тәуекел тобы:

1500 ден 10 мыңға дейінгі көлемде шартты отын тұтынатын мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері;

1500 тоннаға дейінгі көлемде шартты отын энергетикалық ресурстарын

тұтынатын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;
ғимараттардың, құрылымдардың, құрылыстардың жоба алдындағы және (немесе) жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаларын энергия үнемдеу және энергия тиімділігіне сараптамасын жүзеге асыратын уәкілетті органмен аккредиттелген заңды тұлғалар.

7. Бақылау субъектілерін тәуекел топтарына мынадай тәртіпте бөлу тиісті балл берілетін субъективті өлшемдерді ескере отырып жүзеге асырылады:

энергетикалық аудит қорытындысының болмауы – 3 балл;

энергетикалық аудит өткеннен кейін бес жыл ішінде энергетикалық аудиттың қорытындысы бойынша анықталған ғимараттың, құрылымның, құрылыстың, бірлікке судың ауданының ауқымына дейін және энергетикалық қорларды тұтынудың жылдық көлемін азайтуын қамтамасыз етпеуі (Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері үшін, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) – 3 балл;

электр желілерінде қуаттылық коэффициентінің нормативтік мәнінің сақталмауы – 2 балл;

энергия тұтыну нормативтерінің сақталмауы – 2 балл;

энергия тұтынатын жабдықтардың режимге сәйкес еместігінен, құбырлардың жылу оқшаулау сақтамай пайдалануынан, арматуралардың, жабдықтардың жарамсыздығынан туындаған энергетикалық қорларды, суды өндіргенде жүзеге асатын тікелей шығындардың жіберілуі – 2 балл;

энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында аккредиттеу туралы куәліктің болмауы – 3 балл;

энергетикалық аудиттің өткізу тәртібінің сақталмауы – 2 балл;

энергия үнемдеу және энергия тиімділігінің сараптамасын өткізу тәртібінің сақталмауы – 2 балл;

энергия аудитін және (немесе) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру сараптамасын жүзеге асыру кезінде жол берілген бұзушылықтарды жою бойынша уәкілетті органның нұсқамаларын уақтылы орындалмауы – 2 балл.

8. Алған баллдарының жалпы қосындысына байланысты:

жоғары тәуекел дәрежесіне 6 және одан жоғары балл алған бақылау субъектілері жатқызылады;

орташа тәуекел дәрежесіне - 4 балдан 6 балға дейін;

болымсыз тәуекел дәрежесіне - 4 балға дейін.